

«Сейфуллин оқулары-18(2): «XXI ғасыр ғылымы – трансформация дәуірі» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18(2): «Наука XXI века - эпоха трансформации» - 2022.- Т.1, Ч.III. - Б.266-268.


ЖЕРДІ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ МЕН ҚОРҒАУДЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ ЖОЛДАРЫН ЖЕТІЛДІРУ

Абдикаримова К., аға оқытушы

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Қазіргі уақытта Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық және нарықтық жағдайда ауылшаруашылық жер ресурстарын қорғауға және тиімді қолдануға, ұтымды пайдалануға көп көңіл бөлінетіні барлағамызға айқын ақпарат. Жерге орналастыру, геодезия және кадастр саласындағы инновациялық қызмет жер қатынастарын жақсартуға және жер пайдалануды жақсартуға бағытталған ғылыми-технологиялық және коммерциялық шешімдер кешенін әзірлеу болып табылады. Қарқынды өзгеріп жатқан әлемде жаңа туындайтын қиындықтар мен соған байланысты мәселелерді шешуде кез келген туындайтын мәселе, өткен жылдардың тәжірибесіне сүйене отырып, жаңа, заманауи көзқарастар мен инновациялық технологияларды пайдалана отырып, жер ресурстарын мемлекеттік басқаруда жерге орналастырудағы өзекті мәселелерді шешуге жұмсалуды қажет [1].


Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау елдің саяси міндеттерін жүзеге асырудың ғана емес, сонымен бірге жер қатынастарын реттеу саласындағы саясатты тиімді жүзеге асырудың да негізгі құралы. Ауыл шаруашылығының табысты болуы үшін әрбір гектар жерді ұтымды пайдалану қажет.



Сурет 1 – Республика бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің бөлінуі

Суреттен көріп отырғанымыздай, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер шамамен 114 млн га құрайды. Оның ішінде, егістік жерлер – 26,1 млн га, жайылым – 80,5 млн га, басқалары – 7,4 млн га. Өздеріңізге белгілі, 2014-2021 жылдар аралығында ауыл шаруашылығы жерлеріне бақылау жүргізу әкімдіктердің құзыретінде болды.

Әкімдіктер жүргізген жұмыстардың аясында 2019-2021 жылдар аралығында 8,1 млн га пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы жерлері анықталды, оның ішінде егістік – 1,3 млн га, жайылым – 6,8 млн га. Олар бойынша бірқатар шаралар қабылданды. Атап айтқанда, 3,4 млн га жерді шаралар қабылданғаннан кейін жер учаскелерінің бұрынғы меншік иелері мен жер пайдаланушылар игере бастады; 2,1 млн га мемлекеттік меншікке қайтарылды; 2,6 млн га жерді мемлекеттік меншікке қайтару бойынша жұмыстар жүргізілуде [2].



Сурет 2 - Республика бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы жерлері

Қазіргі уақытта жерлердің ұтымды және тиімді пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды жетілдіру бойынша жұмыстар толығымен жүргізілуде. 2021 жылғы 30 маусымда Мемлекет басшысы Заңға қол қойды, оған сәйкес 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап жерлердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылау өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетіне толығымен өтті. Осыған орай жерлерді беру және бақылау мәселелері бір мемлекеттік орган – әкімдіктерде болуына байланысты, жергілікті атқарушы органдардың деңгейіндегі мүдделер қақтығысы мәселесі шешілді.

2022 жылғы 3 қаңтарда пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы жерлерін мәжбүрлеп алып қою мерзімін 2 жылдан 1 жылға дейін қысқарту

және мемлекеттік бақылаудың жана тетігін енгізу жөніндегі норма қабылданды. Пайдаланылмай жатқан жерлердің 90%-ға жуығы шағын кәсіпкерлік субъектілеріне тиесілі. Бұл ретте ерекше жағдайларды қоспағанда, микро және шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты тексерулерді жүргізуге мораторий енгізу туралы Президент Жарлығын бұза отырып, тексерулер жүргізу мүмкін емес. Осыған байланысты, Министрліктің 2021 жылғы 26 шілдедегі № 223 бұйрығымен "жаппай қатер" ұғымын айқындау жөніндегі ұсынымдар бекітілді. Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2022 жылғы 4 мамырдағы № 139 бұйрығына сәйкес, "жаппай қатер" шеңберінде жалпы алаңы 5,8 млн га құрайтын 1901 шағын кәсіпкерлік субъектісіне қатысты жоспардан тыс тексерулер жүргізу жоспарланып отыр, қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы жерлерін пайдаланбайтын шағын кәсіпкерлер қатынастарына тексерулер тағайындау бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр [2].

Сонымен қатар жер пайдаланушыларды экономикалық мәжбүрлеуге жағдай жасау үшін пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы жерлеріне салық ставкалары 10 еседен 20 есеге дейін екі есе ұлғайтылды. Тәжірибе көрсеткендей, осындай іс-әрекеттер нәтижесінде жер пайдаланушылар ұлғайтылған салықты төлемеу үшін жерлерді өз еркімен қайтаратын. Жоғарыда аталған іс-шаралар нәтижесінде, өткен жылмен салыстырғанда ағымдағы жылы 5 млн га пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы жерлерін мемлекеттік меншікке қайтару жоспарланып отыр. Бұл ретте пайдаланылмайтын және заңнаманы бұзушылықпен берілген жерлерді алып қою бір күннің жұмысы емес екендігін атап өткен жөн, себебі Конституцияның және Азаматтық кодекстің нормаларына сәйкес меншік құқығы қорғалған, ал алып қою процессі тек сот арқылы ғана жүзеге асырылады. Пайдаланылмайтын жерлерді алып қою жұмыстарын жандандыру үшін Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2022 жылғы 28 сәуірде Пайдаланылмайтын және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып берілген жер учаскелерін алып қою бойынша жұмыс комиссиясы құрылды. Осы комиссияның негізгі міндеті – мүдделі мемлекеттік органдардың өзара іс-әрекеттерін күшейту, сондай-ақ оларды шешу бойынша жүйелі заңнамалық шараларды қабылдау арқылы пайдаланылмайтын және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып берілген жер учаскелерін алып қою бойынша іс-шараларды күшейту. Аталған комиссия тұрақты және ұзақ мерзімде қызмет ететін болады [2]. Қазіргі уақытта әрбір аймақта мүдделі құқық қорғау және мемлекеттік органдардың қатысуымен ведомствоаралық топтарды құру бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Қорытындылай келе, жерді ұтымды пайдалану мен қорғаудың экономикалық реттеу тетіктерінің негізгі түрлеріне мыналар жатқызуға болады:

- 1) жер ресурстарын ұтымды пайдалану мен қорғау жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және қаржыландыру;
- 2) жер ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем;

3) жерді ұтымды пайдалану мен қорғауды экономикалық ынталандыру (жеңілдікпен салық салу, субсидиялар беру және басқа да материалдық ынталандыру) [3].

Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын мемлекеттік бақылау еліміздің саяси міндеттерін жүзеге асырудың ғана емес, жалпы жер қатынастарын реттеу саласындағы саясатты тиімді жүзеге асырудың негізгі құралы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Постолов В.Д., Брянцева Л. В. Инновационные задачи В землеустройстве и землепользовании [Текст] / Вестник Воронежского государственного аграрного университета. – 2020. – № 3 (66).

2. <https://www.primeminister.kz/kz/news/reviews/barlyk-onirde-koktemgi-dala-zhumystar>

3. <https://www.gov.kz/memleket/entities/land/press/news/details/378373?lang=ru>